



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M02302 – Лингвистиқалық аударматану

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ	Заманауи пәндік, коммуникативтік, цифрлық, басқару құзыреттіліктеріне, түрлі жанрдағы мәтіндерді аудару дағдыларына ие, жоғары сапалы аударма мәтінін құруға және білім беру үдерісін ұйымдастыруға қабілетті кәсіби аудармашы-маманды даярлау.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ	білім беру (педагогикалық): <ul style="list-style-type: none">- аудару- эксперименттік зерттеу- ұйымдастырушылық-басқарушылық- ақпараттық-коммуникативті

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН 1 Өзінің кәсіби құзыреттілік шеңберіндегі мәселелерді талқылау, қою және шешу, әлеуметтік, мәдени және психологиялық өзін-өзі дамыту үшін аударма ісі саласындағы жалпы ғылыми және кәсіби білім алу, қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу, әртүрлі пікірлер туындаған жағдайда басқарушылық шешімдер қабылдау.

ОН 2 Аударма ісінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе барысында жалпы ғылыми және арнайы әдістерді қолдана білу, мамандық бойынша білімдері мен пәнаралық білімдерді синтездей білу және аударма ісіндегі зерттеулер мен практикалық мәселелерді шешу

ОН 3 Отандық және шетел аударматанудың қазіргі тенденцияларын салыстыру, аударма контекстін талдау үшін аударма ісінің теориялары мен модельдерін сыни тұрғыдан қолдану.

ОН 4 Аударма сапасына әсер ететін стратегиялық сыртқы және ішкі факторларды сыни тұрғыдан бағалау; нақты қарым-қатынас жағдайында қажет болатын оңтайлы аударма стратегиясын таңдау.

ОН 5 Аудармаға дейінгі аспектіде мәтінді талдау, баламалы аудармаға қол жеткізу үшін түпнұсқа мәтіннің лингвистикалық ақпаратын пайдалану;

жалпы және кәсіби тақырыптар аясында шет тілінің кең сөздік қорын қолдану; аудару мақсатында шетел тіліндегі сөздіктерден, лексикографиялық дереккөздерден, анықтамалық, арнайы әдебиеттерден және компьютерлік желілерден жедел түрде ақпарат алу

ОН 6 Лексикалық баламалылық нормаларын сақтай отырып, аударма мәтінінің грамматикалық, синтаксистік және стилистикалық нормалары мен бастапқы мәтіннің уақыт белгілерін сақтай отырып ауызша және жазбаша аударманы жүзеге асыру.

ОН 7 Стереотиптердің ықпалын жеңу және коммуникацияның жалпы және кәсіби салаларында мәдениетаралық диалогқа қол жеткізуде дәнекер болу, әртүрлі мәдениеттер мен қоғам өкілдері арасындағы қарым-қатынастың мүмкін жағдайларын модельдеу, мәдени кедергілерді болжау, оларды жеңу әдістерін қолдану; аударманы қабылдаушы аудиториямен үйлестіре білу.

ОН 8 Жоғары және орта арнайы оқу орнында аударма ісі пәндерінен сабақ өткізу, дидактикалық және тәрбиелік міндеттерді шешу, білім беру үдерісінде заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды қолдану, студенттер орындаған аударма сапасын бағалау.